

1. БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті 1

Пән: ІВКМ 5205.1. Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: SLM Ms – 802/1.

Модуль атауы: Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: адам ресурстарына байланысты қазақстандық заңнаманы және нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын оқып-үйрену.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар адам ресурстарына байланысты қазақстандық заңнаманы және нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын меңгере отырып, ынтымақтастық үлгісі мен әрбір адам күшті оқу қауымдастығының бөлігі болып табылатын интерактивті жұмыс қоғамдастығын құру арқылы әрбір адамның әлеуеті мен құзыреттерін белсендіріп, дамыта алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – қазақстандық заңнаманы және нормативтік актілерді үйренеді;

БОН 3 - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын меңгереді.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын және еңбек қатынастарын реттеуді меңгереді.

ПОН 2 - үміткерлердің психологиялық қасиеттері мен құндылықтарын және олардың білім беру ұйымының миссиясы мен көзқарасына сәйкестігін талдайды.

Постреквизиттері: UKOE 5206/1. Ұйымдастырушылық құрылымға өзгертулерді енгізу

Таңдау компоненті 2

Пән: Арнайы және кәсіби білім беруді ұйымдардағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: SLM Ms – 802/2.

Модуль атауы: Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: магистранттарға арнайы және кәсіби білім беруді ұйымдардағы инфрақұрылымды басқарудың теориясы мен әдіснамалық қағидаларын меңгерту.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби ұйымдарда басқару және көшбасшылық туралы білімдерін кеңейтеді. Магистранттар ғылыми зерттеулерді озық әлемдік тәжірибемен талдай алады. Магистранттар арнай және кәсіби білім беру ұйымдары құрылымының ерекшеліктерін біледі, оларды өзгерту және жетілдіру бойынша мүмкін болатын ұсыныстар жасай алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 3 – арнайы және кәсіби білім беруді ұйымдардағы инфрақұрылымды басқару құралдарының функционалдық ерекшеліктерін талдайды;

БОН 5 - мектеп мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен адамдар өзін құнды сезінетін озық қолданбалы тәжірибесін оқиды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – магистранттар білім беру саясатындағы құбылыстарды сыни тұрғыдан бағалап, талдай алады.

ПОН 2 – диссертацияға деректерді жинау шеңберінде артынша тестілеу және енгізу үшін кейстің теориялық негізін жасайды.

ПОН 3 – қазіргі педагогика ғылымының тұжырымдамалық мәселелерін шешуді біледі.

Постреквизиттері: ММКККД 5206-2. Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту

Таңдау компоненті 3

Пән: Ұйымдастырушылық құрылымға өзгертулерді енгізу

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **SLM Ms – 902/1**

Модуль атауы: Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: мектептің ұйымдастыру мәдениетінің ерекшелігін және оның педагогикалық көшбасшылықпен байланысы жайлы түсініктерін тереңдету.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектептің ұйымдастыру мәдениетінің ерекшелігін және оның педагогикалық көшбасшылықпен байланысы жайлы түсініктерін тереңдете түседі. Магистранттар ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетке өзгерістер енгізу үшін сенімді деректерді жинайды және пайдаланады. Олар мұғалімдердің мектеп басшысымен бірге өзгерістерге жетекшілік ету қабілетін дамытады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 - мектептің ұйымдастыру мәдениетінің ерекшелігін талдайды.

БОН 2 – ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетке өзгерістер енгізу үшін сенімді деректерді жинайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – педагогикалық көшбасшылықпен байланысы жайлы түсініктерін тереңдейді.

ПОН 2 – ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетке өзгерістер енгізу туралы біледі.

Постреквизиттері: **AKBBSSP 5207-1. Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика.**

Таңдау компоненті 4

Пән AKBBUB 5206-2. Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **SLM Ms – 902/2.**

Модуль атауы: Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: арнайы және кәсіби ұйымдарда басқару және көшбасшылық туралы білімдерін кеңейту.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби ұйымдарда басқару және көшбасшылық туралы білімдерін кеңейтеді. Магистранттар ғылыми зерттеулерді озық әлемдік тәжірибемен талдай алады. Магистранттар арнайы және кәсіби білім беру ұйымдары құрылымының ерекшеліктерін біледі, оларды өзгерту және жетілдіру бойынша мүмкін болатын ұсыныстар жасай алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару дағдыларын дамыта алу қабілеттері жетіледі.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – ғылыми зерттеулерді озық әлемдік тәжірибемен талдайды.

ПОН 2 – білім беру ұйымының тиімділігін бағалаудың мемлекеттік стандарттарын зерделейді.

Постреквизиттері: **AKBBSSP 5207-2. Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика**

Таңдау компоненті 5

Пән: Білім беру саласындағы саясат және практика

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **SDev-Ms 801/1.**

Модуль атауы: Мектепті дамыту

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: білім беру саясатын құру үдерісін және олардың құрылымындағы өзгерістерді саралауды үйрену.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар білім беру саясатын нормативтік-құқықтық актілердің қолданыстағы жүктелімінің түрлері және болашақта стандарттар, әдістемелік нұсқаулар мен практикалар

жіктелімінің түрлері арқылы зерттейді. Олар білім беру саясатын құру үдерісін және олардың құрылымын қарастырады, сондай-ақ әртүрлі саясаттарды енгізуге әкелген өзгерістерді талдайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – білім беру саясатын нормативтік-құқықтық актілерін талдауды үйренеді.

БОН 2-жоғары оқу орындары мен мектептерде білім сапасын бағалаудың сандық технологияларын қолданады, бағалау іс-шараларын (емтихандар, мониторингтер, ағымдағы бағалау) жүргізеді.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - білім алушылардың оқу жетістіктерін ішкі бағалаудың әртүрлі әдістерін біледі.

ПОН 2 - білім беру саясатын құру үдерісін саралауды үйренеді.

Постреквизиттері: КВК 5205-1. Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық.

Таңдау компоненті 6

Пән: Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: SDev-Ms 801/1.

Модуль атауы: Мектепті дамыту

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: арнайы және кәсіби білім беру мекемелерінің жұмысын мемлекеттік реттеу тетіктері бойынша білімдерін тереңдету.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби білім беру мекемелерінің жұмысын мемлекеттік реттеу тетіктері бойынша білімдерін тереңдетіп, озық әлемдік тәжірибемен танысады. Магистранттар ресми және бейресми білім берудің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, оларды тағайындау және қайта есептеу әдістерін біледі. Магистранттар ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетті өзгерту үшін сенімді деректерді жинайды және пайдаланады. Олар оқытушылардың ұйым басшысымен бірге өзгерістерге жетекшілік ету қабілетін дамытады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту жолдарын меңгереді.

БОН 2 – нормативтік құжаттамаға және әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, даму және жетілдіру бойынша жеке жоспарларды талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - арнайы және кәсіби білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді талдайды.

ПОН 2 - білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының әл-ауқатын жақсарту үшін бейімдейді.

Постреквизиттері: КВК 5205-1. Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық.

Бейіндік пәндер циклі

ЖОО компоненті

Пәндік компонент - 1

Пән: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: PEV-Ms 701.

Модуль атауы: Педагогикалық этика және құндылықтар

Пререквизиттер: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: мектеп практикасының, дамудың және көшбасшылықтың негізгі элементі ретінде құндылықтардың маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту.

Қысқаша сипаттама: Магистранттар мектеп практикасының, дамудың және көшбасшылықтың негізгі элементі ретінде құндылықтардың маңыздылығы туралы түсініктерін дамытады. Олар негізгі құндылықтар мектеп бағдарламасында және мектептегі күнделікті жұмыста көрінетін барлық мүдделі тараптарды қамтитын құндылыққа бағдарланған оқу қоғамдастығын құрады. Магистранттар сондай-ақ мектеп құндылықтарының көшбасшысы ретіндегі өздерінің рөлін түсінеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – ұйымның құндылықтарын анықтайды және оларды құжат түрінде көрсетеді.

БОН 2 – адамның, балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарды талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – магистранттар өзінің кәсіби жағдайына және қоршаған білім беру және әлеуметтік ортаға сәйкес әдістерді қолданады.

ПОН 2 – оқу қауымдастығының әл-ауқатына бағытталған іс-әрекет жоспарын құра біледі және топ басшысы ретінде оны жүзеге асыру тетігін біледі.

Постреквизиты: -

Пәндік компонент - 2

Пән: Педагогикалық көшбасшылыққа кіріспе

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: PEV-Ms 702.

Модуль атауы: Педагогикалық этика және құндылықтар

Пререквизиттер: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: педагогикалық көшбасшылықтың оқыту мен оқу үдерісіндегі қызметі және білім беру мақсаттарына жету үшін мектептің физикалық және адами ресурстарды пайдалану тетістері туралы түсінік алу.

Қысқаша сипаттама: Магистранттар мектеп практикасының, дамудың және көшбасшылықтың негізгі элементі ретінде құндылықтардың маңыздылығы туралы түсініктерін дамытады. Олар негізгі құндылықтар мектеп бағдарламасында және мектептегі күнделікті жұмыста көрінетін барлық мүдделі тараптарды қамтитын құндылыққа бағдарланған оқу қоғамдастығын құрады. Магистранттар сондай-ақ мектеп құндылықтарының көшбасшысы ретіндегі өздерінің рөлін түсінеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – білім берудің үнемі өзгеріп отыратын жағдайында жеке адамдар мен қауымдастықтар үшін педагогикалық көшбасшылықтың маңыздылығын түсінеді.

БОН 2 – жаңа оқу орталарын, құралдарын және жаңартылған оқыту әдістерін пайдалану арқылы өздерінің және әріптестерінің педагогикалық құзыреттіліктерін дамыта алады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – өзгерістерді басқарудың тұжырымдамалық негіздерін түсінеді.

ПОН 2 – топтың немесе топ мүшелерінің пікірлерін ескеріп, шешім қабылдайды.

Постреквизиты: -

Пәндік компонент - 3

Пән: Білім беру сапасын бағалау

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: PEV-Ms 703.

Модуль атауы: Педагогикалық этика және құндылықтар

Пререквизиттер: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және әлеуметтік шеңберлер сияқты әртүрлі көзқарастардан деректерді талдау.

Қысқаша сипаттама: Магистранттар жетілдіру салаларын таниды және мектеп негізінен дамуы қажет тұстарда ресурстарды пайдаланады. Олар осы дамуға ықпал ететін мұғалімдерді дайындаудың мақсаттарын анықтайды. Олар сондай-ақ бүкіл мектеп қауымдастығынан оң және теріс пікірлер жинаудың сындарлы тәсілдерін орнатады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – сапаны бағалаудың заманауи тәсілдері мен әдістерін бағалайды.

БОН 2 – ұйымдағы білім сапасының ағымдағы жағдайын талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – өзгерістерді басқару мен бағалаудың тұжырымдамалық негіздерін түсінеді.

ПОН 2 – халықаралық және ұлттық стандарттар негізінде өз оқу орнында білім сапасын бағалау жүйесін құрастырады.

Постреквизиты: -

Пәндік компонент - 4

Пән: Қызметкерлерді басқару

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: PEV-Ms 801.

Модуль атауы: Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Пререквизиттер: ZhMP 5203. Жоғары білім беру педагогикасы

Мақсаты: әрбір адамның әлеуеті мен құзыреттерін белсендіру және дамыту.

Қысқаша сипаттама: Магистранттар адам ресурстарына байланысты қазақстандық заңнаманы және нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын оқиды. Олар сондай-ақ лайықты және ашық басқару қағидаларын үйренеді және адам ресурстарын басқару саласындағы мектеп құндылықтарын түсінеді. Магистранттар ынтымақтастық үлгісі мен әрбір адам күшті оқу қауымдастығының бөлігі болып табылатын интерактивті жұмыс қоғамдастығын құру арқылы әрбір адамның әлеуеті мен құзыреттерін белсендіріп, дамыта алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын және еңбек қатынастарын реттеуді меңгереді.

БОН 2 – топтың құзыреттілігін жүйелі түрде бағалайды және оның кәсіби дамуына үлес қосады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – топта өзара сенім мен қолайлылықтың татуластық атмосферасын сақтайды.

ПОН 2 – қақтығыстарды шешеді және әртүрлі қауымдастықтардың өкілдерімен қарым-қатынас жасайды.

Постреквизиты: -

Пәндік компонент - 5

Пән Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: SDev-Ms 801.

Модуль атауы: Мектеп дамуы

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары мектеп педагогикасы

Мақсаты: мектептің тиімділігін арттыру, оның дамуының әлемдік тәжірибесін сыни тұрғыдан талдауды және бағалауды үйрену.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар лайықты әлемдік тәжірибені нақты білім беру ұйымына ұсынып, бейімдей алуға көмектесетін тиісті әдебиет пен басқа материалдарды зерттеу арқылы мектептің тиімділігін арттыру және дамуының әлемдік тәжірибесін сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды. Олар білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару дағдыларын дамытуға да қабілетті. Сондықтан сыртқы және ішкі бағалау негізінде мектеп қызметінің көрсеткіштерін анықтайды және жіктейді және білім беру ұйымының тиімділігін бағалаудың мемлекеттік стандарттарын зерделейді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару дағдыларын дамыта алу қабілеттері жетіледі.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – мектеп қызметінің көрсеткіштерін анықтайды және жіктейді.

ПОН 2 – білім беру ұйымының тиімділігін бағалаудың мемлекеттік стандарттарын зерделейді.

Постреквизиттері: -

Пәндік компонент - 6

Пән: Мектеп тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі.

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: AR-Ms 901

Модуль атауы: Мектеп дамуы

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары мектеп педагогикасы

Мақсаты: зерттеу негізінде мектеп мәдениетін қалыптастыру жолдарын оқып-үйрену.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар әлеуметтік және білім беру ортасының, сондай-ақ адамдар топтары, жеке адамдар мен ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу жолдарын және олардың бір-біріне

әсерін талдайды және бағалайды. Олар ортақ әл-ауқат құндылықтарына негізделген өзара әрекеттесудің жаңа әдістерін құрады немесе ескілерін жетілдіреді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – өзара әрекеттесу және мектепке әсерлерінің тетіктерін терең түсінеді

БОН 2 – көшбасшылық және құндылықтар саласындағы құзыреттіліктер.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – мектеп мәдениетін өзгерту жолдарын іс-жүзінде қолданады

ПОН 2 - жалпы салауаттылық бағытында мектеп мәдениетін өзгерту жоспарларын әзірлейді.

Постреквизиттері: -

Пәндік компонент - 7

Пән: Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Әрекеттерді зерттеу.

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: AR-Ms 901

Модуль атауы: Әрекеттерді зерттеу

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары мектеп педагогикасы

Мақсаты: өзгерістерді басқару және әлеуметтік менеджмент саласындағы магистранттардың құзыреттерін кеңейту.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар практик ретінде әлеуметтік жағдайларда білім сапасын жүйелі түрде бақылау және өз тәжірибесінің ұтымдылығы мен әділдігін арттыру мақсатында өзіндік рефлексияның зерттеушілік дағдыларын дамытады. Магистранттар өзгерістерді басқару және әлеуметтік менеджмент саласындағы өз құзыреттерін кеңейтеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – іс-әрекетті зерттеу әдісін білім беру ұйымында іс-жүзінде қолданады

БОН 2 – әртүрлі әдістермен оқыту мен оқудың сапасын бағалау үшін шағын зерттеулерді жүргізеді.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – мектеп мәдениетін өзгерту жолдарын іс-жүзінде қолданады

ПОН 2 - зерттеу нәтижелері мен шешім қабылдаудың өзара байланысы мен жүйелілігін түсінеді.

Постреквизиттері: -

Пәндік компонент - 8

Пән: Зерттеуді әзірлеу, мәліметтерді жинау және талдау.

Еңбек сыйымдылығы: 16 академиялық кредит

Модуль коды: AR-Ms 901

Модуль атауы: Әрекеттерді зерттеу

Пререквизиттері: ZhMP 5203. Жоғары мектеп педагогикасы

Мақсаты: халықаралық және ұлттық зерттеулерді жобалау стандарттарын сараптау және талдау.

Қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мәліметтерді жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолдану туралы білімдерін кеңейте отырып, ғылыми зерттеуді жобалау әдістемесін және оларды іс жүзінде жүзеге асыруды зерттейді. Олар сондай-ақ семинарларда топпен өтпелі жұмыс істеу арқылы халықаралық және ұлттық зерттеулерді жобалау стандарттарын үйренеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 1 – ғылыми зерттеулердің құрылымын түсінеді; әдістемелік тәсілді талдайды

БОН 2 – қарапайым эмпирикалық зерттеудің әдіснамалық тәсілін тұжырымдайды

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – зерттеу жобасын әзірлеу кезінде ынтымақтастық және топтық жұмыс дағдыларын қолданады;

ПОН 2 - магистранттар диссертациясының ұсынысын немесе ғылыми-әдістемелік тәсілін аяқтайды.

Постреквизиттері: -